

«Жауқазын» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 31 тамыз 2021 жыл

Қатысқандар саны– 8

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақша педагогикалық ұжымын 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен (вариативтік компоненттерді қосқанда), перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту. Жауапты әдіскер
3. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.
4. Тәлімгерлік туралы ережелер. Жас мамандарға арналған нұсқаулықтар. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту. Әдіскер З.Ш. Каршиева.
5. «Балабақшадағы жас мамандарға көмек» атты кеңес. Әдіскер З.Ш. Каршиева.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі М.М. Толбасиева педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2021-2022 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып З.Ш. Каршиева сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер З.Ш. Каршиева

2020-2021 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші сайлауды ұйғарды.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.М. Толбасиева жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті.

Тәрбиешілер келесі мәселесі және өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Әдіскер жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

Тәрбиеші 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жұмысын жетілдіруге және балабақшаның жаңа оқу жылына алған мақсат, міндеттерін шешуге бағытталған. Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. Педагогтар 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері: З.Ш. Каршиева.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына енгізілген өзгерістері туралы, үлгілік оқу жоспарына сәйкес түзілген ұйымдастырылған оқу қызметі кестесінің үлгісін және 2021-2022 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарының құрылымын басшылыққа алып, жұмыс жүргізу үшін жолданған. Ал үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына келер болсақ, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген.

"Денсаулық" білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) дене шынықтыруды
- 2) қауіпсіз мінез-құлық негіздерін" қамтиды

"Қатынас" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) сөйлеуді дамытуды;
- 2) көркем әдебиетті;
- 3) сауат ашу негіздерін;
- 4) қазақ тілін (орыс тілінде оқытатын топтарда), орыс тілін (қазақ тілінде оқытатын топтарда) қамтиды.

"Таным" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) сенсориканы (бөбек жасы топтарында – 1-3 жас), математика негіздерін (мектеп жасына дейінгі топтарда – 3-6 жас);
- 2) құрастыруды;
- 3) жаратылыстануды қамтиды.

"Шығармашылық" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) сурет салуды;
- 2) мүсіндеуді;
- 3) жапсыруды;
- 4) музыканы қамтиды

"Әлеумет" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) өзін-өзі тануды;
- 2) қоршаған ортамен танысуды қамтиды.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

- 1) ерте жас тобы (1 жастан бастап) – ұзақтығы 7-10 минуттан 7 сағат;
- 2) кіші топ (2 жастан бастап) – ұзақтығы 10-15 минуттан 9 сағат;
- 3) ортаңғы топ (3 жастан бастап) – ұзақтығы 15-20 минуттан 11 сағат;
- 4) ересек топ (4 жастан бастап) – ұзақтығы 20-25 минуттан 12 сағат;

Жас кезеңдері және жастоптары (балалардың жасы – 1 қыркүйектегі толық жасы) мынадай:

- 1) бөбекжасы – 0-3 жас:
Нәрестелік жас – туғаннан бастап;
Ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы);
кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);
- 2) мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:
орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);
ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ);

ТЫҢДАЛДЫ: Үшінші мәселе бойынша балабақша Балабақша меңгерушісі М.М. Толбасиева сөйледі.

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар балабақшада қашықтан оқытуды ұйымдастыру және жаңа оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін оңтайлы жағдайлар жасау мақсатында әзірленді. Мектепке дейінгі ұйымдарда ҰОҚ қызмет түрін ұйымдастыру санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты анықталады, -депқашық форматтағы ұйымдастырылған оқу қызметтеріне ұсынымдар оқып шықты.

- 1) ұйымдастырылған оқу қызметі (кенестер)қашық форматта;
- 2) кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру;

1. Ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыру қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, үй жағдайында балаларға материалдар ұсынылады, ата-аналардың жетекшілігімен педагогтердің тапсырмаларын үйренеді және орындайды (ересек топтары)

2. Ата - аналардың өтініші бойынша кезекші топтарды ұйымдастыру-тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, штаттық режимде оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру нысаны.

3. Топтарда Санитариялық қағидаларға сәйкес 15 минуттан артық емес қашықтықтан өтетін сабақтар жүргізеді.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру туралы түсіндіріп өтті. Тәрбиешілер бейне сабақтар ретінде ересек топтарға өте алады. Ата аналарға арнайы чат ашып, оған сабақтың басталу күнін көрсете отырып, хабардар етеміз. Ересек топ тәрбиешілері қашықтықтан оқытуды жүргізу үшін әр отбасында қолжетімді байланыс түрлерінің, интернеті болған жағдайдағын ескеру керек. Бекітілген оқу кестесіне сәйкес қашықтықтан ұйымдастырылған оқу қызметін өткізеді;

-«Сауат ашу негіздері», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен танысу» бойынша (күніне бір сабақ) тәрбиешінің қашықтан кіріктірілген сабақ кестесін құрылуы тиіс.

- ересек топ тәрбиешілері (WhatsApp желісі арқылы) топтар құрады, жас топтарын ескере отырып, бейнесабақтар, мультфильмдер, аудио-ертегілер жібереді.

Қашықтықтан сабақ ұйымдастыру үшін педагог балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, баланың өз бетінше орындауы үшін немесе ата-анасымен бірлесіп орындауы үшін ойын түріндегі тапсырмаларды алдын-ала дайындайды. Мысалы, сурет салудан саусақпен, мақтамен, жүнмен және т.б. сурет салудың әдістерін көрсете отырып, алдын-ала дайындалған бейне материалды ұсынуға болады. Сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиеттен алдын-ала шығарманы, өлеңді оқып, сол аудио жазбаны қайталап айтуға, ал математика негіздері мен құрастырудан түрлі сюжетті-рөлдік және басқа да ойындар арқылы тапсырмалар ұсынуға болады. Ата-анамен баланың бірлескен әрекетін ұйымдастыруда түрлі челленджер, жарыстар ұйымдастыруға болады. Ата-аналармен кері байланыс арқылы балалардың сабақты қабылдауын қадағалап отыру керек.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі М.М. Толбасиева сөйледі

- еңбек заңнамасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның тыныс-тіршілігін және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің (әкімшілік, техникалық персонал) еңбек функцияларын қашықтықтан айқындаймыз.

- тәрбиеленушілердің қозғалысы, балабақша педагогтарының сапалық құрамы, материалдық база, балабақшаның техникалық қызметкерлері туралы мәліметтерді және басқаларды ҰБДҚ толтырып отыру менің міндетім.

- ҰОҚ кестесі құру, педагогтардың қызметі ұйымдастыру, топтың, тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен жеке кеңестерді жүргізу балабақша әдіскері А. Наушабекова және тәрбиешілерге жүктелсін.

Карантин талаптары сақтай отырып, мекемені дезинфекциялап, күнделікті жуып тазалау үшін кезекшілер тізімі құрылсын.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері З.Ш. Каршиева сөйледі. Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе, көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілер бекітілу керек деп ойлаймын. Осы туралы ойларыңызды айтсаңыздар
Тәлімгерлерге арналған ережелерді оқып берді.
Тәлімгерлік туралы жалпы ережелер

Мектепке дейінгі тәлімгерлік – білім беру ұйымындағы педагогикалық қызметте еңбек өтілі жоқ жас мамандармен және тәрбиешілермен немесе еңбек өтілі 3 жылдан аспайтын мамандармен, сондай-ақ белгілі бір топта тікелей педагогикалық қызмет жүргізу үшін қосымша дайындыққа мұқтаж тәрбиешілермен жеке жұмыс жүргізудің бір түрі. Тәлімгерліктің мақсаттары мен міндеттерін оқып таныстырды. Тәлімгер жас маманды лауазымдық міндеттерімен, күн режиміне, балалармен өтетін іс-шараларды қалай өткізу, ата аналармен қарым қатынасын бақылайды. Сабақты жақсы өтуіне әдістемелік көмек көрсетіп, жіберген қателіктерін бірлесе жоюға, тәрбиешінің жақсы қасиеттерін дамытуға ат салысады. Және де тәлімгерді қандай жағдайда ауыстыратыны жөнінде айтып өтті. Жыл соңында тәлімгер мен жас маман жұмысының қорытындысы қаралады. Және де әдіскер жас маманның да міндеттерімен таныстырды. Жас маманға арналған нұсқаулықтарымен таныстырды: Сізде үлкен қиял мен биік мақсат болу керек және соған ұмтылу керек. Қазіргі заманға сай өз педагогикалық білімін жетілдіріп, үнемі ізденісте болу керек. Әр уақытта, әр жағдайда өз-өзіне ұстанымды, сабырлы болу керек. Әр уақытта кешірімді, инабатты, ізгі, әдепті, мейірімді болу. Үнемі сүйіспеншілік таныту. Сүйіспеншілік – сіздің денсаулығыңыздың басты кепілі.

Әр уақытта ішкі дүниесімен, отбасында, жұмыста, таза, ұқыпты, кеңпейіл, кішіпейіл, инабатты, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету.

Сіздің балаға деген тәрбиеніз қарапайым және түсінікті болуы қажет.

Бала мен әңгімелескен кезде, оны мұқияттыңдауыңыз қажет.

Мақтауды ұмытпаңыз. Сырт келбетіңіз бен тәртібіңізг еназар аударыңыз.

Және де балабақшада тыйым салынған нарселермен таныстырды. «Балабақшадағы жас мамандарға көмек» атты кеңес берілді.

ШЕШІМ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамына: балабақшаның меңгерушісі (төраға), әдіскер, музыка жетекшісі, психолог, тәрбиешілер бекітілсін.
2. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып З.Ш. Каршиева сайлансын.
3. 2021-2022 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
4. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективалық жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

Педагогикалық кеңес төрайымы :
Хатшы :



М.М. Толбасиева
З.Ш. Каршиева.

**«Жауқазын» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 28 қазан 2021 жыл

Қатысқандар саны– 8

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы.
2. Баланың даму деңгейінің көрсеткіші.
3. Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту.
4. Бастапқы бақылау. Балалардың бастапқы білім деңгейін бақылау
- 5.«Балалардың бейнелеу өнерінен жұмыстарын зерттеу» (тақырыпты тексеру)

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі М.М. Толбасиева өз сөзінде №1 педагогикалық кеңесте:

1. 2021-2022 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін;
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін;
- 3.Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарбойынша балабақшада қашықтан оқытуды ұйымдастырылды. ҰОҚ қашық форматта онлайн түрде тек ересектер тобында өтілуде. Карантин талаптары сақтай отырып, мекемені дезинфекциялап, күнделікті жуып тазалау үшін кезекшілер тізімі құрылып жұмыс жасауда.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Балабақша әдіскері З.Ш. Каршиева

Жылдық жоспардың негізінде қыркүйек, қазан айларына айлық жоспарлар құрылып, балабақша қызметкерлері сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Жылдық жоспарға қарай тақырыптық оқу қызметі, ата-аналарға кеңес, тәрбиешілерге арналған семинар, балалар жұмысынан көрме, №1 өндірістік отырыс, топтық және жалпы ата-аналар жиналысы әдістемелік отырыстар өттік.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қазан айының айлық жоспарына сәйкес балабақшаның негізгі «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған оқу қызметін онлайн түрде өткізген болатын. Ол ашық оқу қызметіне арнайы комиссия құрылып бақылау жасалған. Енді осы бақылаудың қорытындысы бойынша сөз кезегі әдіскерге беріледі деп сөзін аяқтады.

«Айгөлек» тобының тәрбиешілері көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде ауыз әдебиетін пайдалана білді және баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту бойынша жұмыстар жүргізді. Балалар өздерінің жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне қарай белсенділік таныта білді.

Тәрбиешілердің «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында өткізген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері қанағаттанарлық деп есептелінсін. Осы міндетті шешуге байланысты ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен басқа да жұмыстарды жүргізу жалғастырылсын. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

ТЫҢДАЛДЫ: балабақша меңгерушісі М.М. Толбасиева бастапқы мониторинг қортындысымен таныстырып өтті. Педагогикалық диагностика –бұл баланың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі. Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интеллектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Сонымен бірге бастапқы мониторинг өткен оқу жылындағы қортынды мониторинг негізінде жасалынатынын айтып өтті. Балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші 100% болғанын айтып, алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтып өтті. Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды. Бес білім саласы бойынша балалардың даму мониторингі жақсы деп бағаланды.

ТЫҢДАЛДЫ: «Бейнелеу өнерінен балалар жұмысын зерттеу» тақырыпты тексеру қорытындысымен балабақша Балабақша меңгерушісі М.М. Толбасиева таныстырып өтті.

«Айгөлек» ересек тобында бейнелеу өнері бағдарлама талаптарына сай жобаланған, ҰОҚ-де толық онлайн түрде өткізілген. Тәрбиеші балаларға суретін салып көрсетіп, балалар үйде берілген тапсырмаларды орындады. сурет салуда заттық, сюжетті және сәндік суреттер салғызу орындалғаны айтылды. Сонымен бірге меңгеруші төмендегідей кемшіліктер анықталғанын айтып өтті:

Меңгеруші М. М. Толбасиева топтағы бейнелеу өнері ҰОҚ-де балалар жұмыстары қанағаттанарлық дәрежеде орындалған деп бағалауды ұсынды.

Пед.кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.М. Толбасиева

З.Ш. Каршиева

**«Жауқазын» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Қатысқандар саны – 8

Өткізілген уақыты: 10 қаңтар 2022 ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. I жарты жылдықтығы аралық мониторинг қорытындысы
2. Баяндама «Қиын отбасындағы бала психологиясы»
3. Педагогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі.
4. Сурет салудың дәстүрден тыс технологиясы.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі: М.М. Толбасиева I жарты жылдық мониторинг қорытындысымен таныстырып өтті. Аралық бақылау I жарты жылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды. I жартыжылдықта бес білім беру саласы бойынша алған білімдерін бағалап, нәтижесі анықталып, оқу жылының соңына шейін төмен деңгейдегі балалармен жеке даму картасын жүргізіп жұмыс жасау керектігін айтып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері З.Ш. Каршиева: Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын негізгі мәселелері болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейдігін айта келе, тәрбие ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс екендігін айтты. Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін, жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық – педагогикалық жүйе болуы керек. Бұл жүйенің ерекшелігі – «қиындардың» түзелу мүмкіндігіне ғана емес, сонымен бірге олардың рухани жағынан да бүтіндей қайта өзгеретіндігіне кәміл сену қажеттігінде деп, Қиын отбасыдағы баланың психологиясы жайлы бірнеше дәлелдеулер айтып өтті. Қиын отбасыдағы балалардың психологиясын бақылау мақсатында мыналарды ұсынды.

1. **Бақылау** – баланың іс- қимылын, сөзін әртүрлі іс- шаралардан, оқу қызметіне ынтасын байқау.
2. **Әңгімелесу**- баламен сөйлесу арқылы оның ішкі дүниесіне ену, проблемасын білу, түсіну және оны шешуге бағыт - бағдар сілтеу.
3. **Сауалнама**- арқылы бала туралы ақпарат жинау. Сауалнаманың мазмұнында негізгі проблема ғана болуы тиіс. Ойы, мінезі, әлеуметтік демографиялық жағдайы, белгілі бір бағыт бойынша қызығушылығы.

Сұрақтар мынандай түрде болуы мүмкін:

Сұрақ (дайын жауаптардан керегін бала өзі таңдап алады.)

Өз бетімен жауап беру

Тура жауаптар

Жанама жауаптар

4. **Сұхбаттасу** - алдын ала дайындалған сұрақтарға жауап алу. Сұхбаттасу мынандай түрде болуы мүмкін:

қарапайым жағдайда сөйлесу

баланың үнемі болатын ортасында сұхбаттасу

жауап беру мүмкіндігін ескеру-белгілі бір уақыт ішінде жауап беру керектігін айту үшінші адамның көмегінсіз әңгімелесу;

Мысалы: **«Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу.»қажеттігін айтып өтті.**

Тыңдалды : Балабақша әдіскері З. Каршиева балабақшаның жарты жылдық жылдық есебін баяндады. Жарты Жылдық есеп бойынша балабақшаның атқарылған жұмыстарын, өткізілген ертеңгіліктері,онлайн түрде өткен жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, электронды түрде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспарын , жүргізген жұмыстарын электронды түрде өткізді.

4. **Тыңдалды:** Балабақшада өткен «Сурет салудың дәстүрден тыс технологиясы» атты семинардың теориялық бөлімі «Сурет салудың дәстүрден тыс технологиясының тиімді қолдану жолдары және ерекшеліктері» тақырыбында жұмыс жүргізілді. «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі өз баяндамасын оқыды.Онда дәстүрден тыс сурет салудың әрбір жеке түрлеріне тоқталып, оның ерекшелігі мен маңыздылығын атап өтті. Дәстүрден тыс әдіспен сурет салуды үйренген бала өз бетінше кез келген затты әртүрлі мақсатта қолдана білу іскерлігін, шеберлігін дамытады.Барлық түрлерінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталды. Тәрбиешілер өз ойларын айтып, пікірлерімен бөлісті.Оқу қызметтерінде міндетті түрде қолданатындықтарын атап өтті.

Шешімі:

1. **Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу тәрбиешіге жүктелсін.**

2.Сурет салудың дәстүрден тыс технологиясы барлық топтарда қолданылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы

М.М. Толбасиева

Хатшы :

З.Ш. Каршиева

**«Жауқазын» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Қатысқандар саны– 8

Өткізілген уақыты: 25 сәуір 2022 ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
3. Денсаулық саласы бойынша ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.
4. Сауықтыру шараларының жоспарлануы мен ұйымдастырылуы.

Балабақшамыздың меңгерушісі М.М. Толбасиева педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

Тыңдалды : Балабақша әдіскері З. Каршиева сөз алып, Балабақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне, дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін, Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл-қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күнәртібі бойынша сауықтыру шаралары (таңертеңгілік жаттығу, қимыл-қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері, ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар).

Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыру ынаықпал ететіндігін айта өтті.

Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілед деп сөзін аяқтады.

Сөз сөйлеген : Кенжаева У.Б. : Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кенестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

Тыңдалды: Әдіскер З.Каршиева : Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып, Дене шынықтыру оқу қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты . Ол әрбір жас топтарында аптасына 2-3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады.

Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртінуге

Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.

Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.

Дәрумендер терапиясы

Психология жаттығулар

Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.

Дем алу, сергіту жаттығулары.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті.

Тыңдалды: Меңгеруші М.М. Толбасиева сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін , Денсаулық білім саласының «Тепе теңдікті сақта» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына , денсаулығының нығаюына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

Сөз сөйлегендер: Әдіскер- З.Каршиева ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша тәрбиешісі Шарипова Р. «Балабақшада сауықтыру шараларының ұйымдастырылуы» атты баяндамасын оқыды.

Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой — өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы

мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі.

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады.

- 1) балаларды шынықтыруды күні бойы және ұйқыдан соң киіндіру кезінде де жүзеге асыру;
- 2) киіміндегі олқылықты байқай білуге тәрбиелеу, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіруді, ұқыптылыққа және тазалыққа рахагтану сезімдерін дамыту;
- 3) медицина қызметкерінің жетекшілігімен ауада және суда шынықтыру шараларын жүргізу;
- 4) күнделікті шынықтырудың бір түрі - суды ағызып, қолын шынтаққа дейін жуу. Бөлме температурасы $+22^{\circ}\text{C}$ төмен емес жағдайда баланың денесі толық немесе денесінің бір бөлігі сумен шынықтырылады;
- 5) арнайы шынықтыру шаралары (ұсынылған тәсілдердің біреуі қолданылады): беліне дейін және бүкіл денесін дымқыл шүберекпен сүрту. Судың температурасын $+36^{\circ}\text{C}$ бастап $+28^{\circ}\text{C}$ жеткенге дейін біртіндеп төмендету (4–5 күн сайын 2 градусқа төмендету). Денесінің белгілі бір бөлігін сүртінуде су температурасын $+35^{\circ}\text{C}$ бастап $+23^{\circ}\text{C}$ дейін (4 күн сайын 2 градусқа төмендету) төмендету, қарама-қарсы температурадағы жылы, салқын су құю: басында су температурасы $+36^{\circ}\text{C}$ бастап $+25^{\circ}\text{C}$ дейін, соңында $+38^{\circ}\text{C}$ бастап $+18^{\circ}\text{C}$ дейін төмендетіледі.

Күтілетін нәтижелер:

- қимылды үйлестірудің бастапқы дағдыларына ие;
 - жаттығуларды көзбен бағдарлау арқылы ойын түрінде (жануарлардың қимылдарына еліктеу) педагогпен бірге орындайды;
 - күнделікті шынығу тәсілдерін біледі;
 - ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын сақтайды.
- «Денсаулық» білім беру саласы: дене шынықтыру, қауіпсіз мінез-құлық негіздері бөлімдерінен тұрады. Осыған орай жылдық жоспарға балалардың салауатты өмір салтын сақтау және әр баланың ерекшелігіне қарай дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған, олар: таза ауада дене шынықтыру, ертеңгілік жаттығулар, спорттық ойын-сауықтар, серуен, серуендегі қимылды ойындар, сергіту сәттері, ұйқыдан кейінгі гимнастика, массаж, жалаң аяқ жүру, су процедуралары, -дей келе күн режимін қалай ұйымдастыру керек, Ертеңгілік жаттығуларын, серуен, қимылды ойын жаттығуларын жыл мезгілдерінде қандай жаттығулар, қандай ойындар ұйымдастыру керектігі жөнінде түсіндіріп өтті. Баланың дұрыс тамақтануы да денсаулық кепілі екенін айтып өтті. «Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ, дені сау, жан-жақты дамыған салауатты ұрпақ».
- Сондықтан, ұрпағымыздың болашағы жарқын да кемел болуына ат салысып, дені сау, шыныққан бүлдіршіндер тәрбиелей берейік, -деп аяқтады.

ШЕШІМ:

1. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.
2. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.
3. Жас мамандардың ашық оқу қызметіне қатысуы қадағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы :



М.М.Толбасиева

З.Ш. Каршиева

**«Жауқазын» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

№5 педагогикалық кеңес хаттамасы

Қатысқандар саны– 8

Өткізілген уақыты: 27 мамыр 2022 ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау
2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы
3. Тәрбиешілер мен педагоготардың мейірбикелердің жылдық жоспары
4. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру

Балабақшамыздың меңгерушісі М.М.Толбасиева педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша №4 педагогикалық кеңестің шешімі талқыланды. Бала денсаулығының нығаюына арналған іс шаралардың жоспары көрсетіліп, балалармен жасалған жұмыстардың есебі оқылып, суреттері көрсетілді. Және жас мамандардың ашық оқу қызметіне үнемі қатысып, өз тәжірибелерін кеңейтіп жатқандығы туралы сөз қозғалды.

Тыңдалды: «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

- 1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында жүргізіледі.

- бастапқы – қыркүйек;
- аралық – қаңтар;
- қорытынды – мамыр.

Индикаторлар көрсеткіш ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болып табылады.

Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтады. Тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі төмен деңгейде екенін, тілдік дағдылары мен танымдық дағдыларын дамыту жұмыстарын жандандыру қажет екені анықталды. «Балапан » ортаңғы тобында ІІ деңгей-45%, ІІІ деңгей-55%-ды құрады. Балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие, сонымен бірге бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.«Балдырған » ортаңғы тобында І-деңгей 20%, ІІ-деңгей-25%, ІІІ-деңгей 55%-ды көрсетті. «Айгөлек » ересек тобында ІІ-деңгей 32%, ІІІ-деңгей 68%-ды көрсетті. «Айгөлек» ересек тобында тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі жоғары деңгейде екенін, балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие, сонымен бірге бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады. «Айгөлек » ересектер тобында тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі жоғары деңгейде екенін, бір баланың мүлде сөйлей алмайтыны, ата-анасына, аудандық білім бөліміне ескертіліп айтылғаны анықталды. Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың құзыреттіліктерінің даму динамикасының оңтайлы екендігі байқалады. Бұдан ұйымдастырылған оқу қызметтері жеткілікті деңгейде жүргізілуде деген қорытынды жасауға болады. Биылғы жылы бөбекжайда балалардың даму құзыреттіліктерінің диагностикасы ғана емес, сонымен қатар балалардың мектепке дайындығына да талдау жасалған. Бітірушілер тобы біреу. Талдау нәтижесі төмендегідей: Салыстырмалы бақылау нәтижесінде, тәрбиеленушілермен сөйлеуді дамыту жұмыстарын жиі жүргізу, балаларды өз бетінше әрекет етуге, ойын ашық айта білуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сурет салу өнеріне баулу, ермексазбен жұмыс жасау технологиясын үйрету қажеттілігі анықталды.Тәрбиешілер мен басқа барлық мамандардың жұмыстары өте тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі. Балалардың даму деңгейін тексеру және бақылау әдіскерА.Камалованың басшылығымен әдістемелік кеңесте талқыланды.

3. **Сөйледі :**Тәрбиешілер жеке жеке топтағы әрбір баланың денсаулығының нығаюы мен дағдыларының қалыптасуына әсер ету мақсатында жыл бойы атқарылған жұмыстарының қорытынды есебін оқып талқыланды.

4. **Тыңдалды: Меңгеруші М.М.Толбасиева** сөз алып, Жаз мезгілінің жоспарымен таныстырып өтті.

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы негізінде балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі. Елді мекеннің ішінде бір мектепке дейінгі ұйымнан басқасына орын алмастыру жас топтары сәйкес келген жағдайда, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым басшыларының келісімімен жүзеге асырылады.Мектепке дейінгі ұйым қызметі екі кезеңге бөлінеді:

- 1) 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі;
- 2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.
- 3) 1 қыркүйекте 6 (7) жасқа толған балалар мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін босатылады;
- 4) балаларды бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде бөбекжайда 1 маусымнан бастап жазғы сауықтыру кезеңі басталады.

2021-2022 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары дайындалып, меңгеруші М.М. Толбасиева бекітті. Жоспар бойынша аптаның 4 күні жазғы кестеге сәйкес жеңілдетілген оқу қызметтері өткізіледі. Аптаның бесінші күні апталық тақырыпты қорытындылау нәтижесінде ойын-сауық өткізіледі. Ойын-сауыққа жауапты педагогтар бекітілді. Балаларды жазғы кезеңде дене-сауықтыру жұмысы (спорттық және қимылды ойындар, таңертеңгі гимнастика, сергіту сәттері, музыкалық-ырғақтық қимылдар, дербес қимыл белсенділігі, ұсақ моториканы дамыту ойындары, тыныс алу жаттығулары, көзге арналған гимнастика және т.б.), тиімді тамақтануды ұйымдастыру, шынықтыру (күннің көзіне қыздырыну, серуендер, жорықтар, жарыстар және т.б. сауықтыру жүйесін қамтиды. Мектепке дейінгі ұйымда жаз кезеңі шығармашылық, сауықтыру мен қарым-қатынас, ойындар, сауық-кештер, бірлескен және жеке еңбек, тәжірибелік-эксперименттік әрекет түрлерін де қамтиды.

Шешім:

Жазғы сауықтыру –шынықтыру іс шараларының жоспарының орындалуы қадағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы :



М.М.Толбасиева

З.Ш. Каршиева